

ISSN 2306-7365 (Print)
ISSN 2664-0686 (Online)
Индекс 75637
DOI prefix: 10.47526

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ

HOCA AHMET YESEVI
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK ÜNİVERSİTESİ



1150 жыл
Әл-Фарабидің мерейтойы



175 жыл
Абай Құнанбайұлының
мерейтойы

YESEVI
ÜNİVERSİTESİ
HABARŞISI
Bilimsel Dergisi

ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
№3 (117) 2020
шілде-тамыз-қыркүйек

БАС РЕДАКТОР

биология ғылымдарының докторы, профессор
АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРІКБАЙҰЛЫ

YAYIN YÖNETMENİ

Prof. Dr.

ABDRASILOV BOLATBEK SERIKBAYULI

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

доктор биологических наук, профессор
АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРИКБАЕВИЧ

CHIEF EDITOR

Professor, Doctor of Biological Sciences
ABDRASSILOV BOLATBEK SERIKBAYEVICH

Индекстеледі/Tarama indeksli/ Индексируется/ Scanned indexes:
Index Copernicus, Directory of Research Journals Indexing

INDEX COPERNICUS
INTERNATIONAL

 Directory of
Research Journal
Indexing

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің №232-Ж куәлігі берілген.

Шығу жиілігі: 3 айда 1 рет. МББ тілі: қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша. Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шетел. **Индекс №75637**. Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы ISSN орталығында тіркелген. **ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online)**.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2018 жылдың 11 желтоқсандағы №1945 және 14 желтоқсандағы №1992 бұйрықтарымен журнал Комитет ұсынатын ғылыми басылымдар тізіміне Философия, Тарих, Педагогика және Филология бағыттары бойынша енгізілді.

KURUCU:

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Dergi 8 Ekim 1996'da Kazakistan Cumhuriyeti Basın ve Medya İletişim Ajansı tarafından tescillenmiş, Kazakistan Cumhuriyeti Yatırım ve Gelişim Bakanlığının, İletişim, Bilişim ve Bilgilendirme Komitesinin 232-J numaralı kimliği verilmiştir. Yayın Süresi: 3 ayda 1 defadır. Süreli Basın Yayın Dili: Kazakça, Türkçe, İngilizce ve Rusça. Dağıtım Bölgesi: Kazakistan Cumhuriyeti, uzak ve yakın yabancı ülkeler. **İndeks: 75637**. Dergi, Ocak 2013'ten bu yana Paris'teki ISSN Merkezi'nde kayıtlıdır. **ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online)**.

Bu dergi, Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı'nın 11/12/2018 tarih ve 1945 sayılı kararı ile 14/12/2018 tarih ve 1992 nolu kararı çerçevesinde Felsefe, Tarih, Pedagoji ve Filoloji alanlarında KC EBB tarafından tavsiye edilen bilimsel dergiler listesine dahil edilmiştir.

УЧРЕДИТЕЛЬ:

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави

Журнал зарегистрирован в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан 8 октября 1996 года. Комитетом связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан выдано свидетельство №232-Ж.

Периодичность издания: 1 раз в 3 месяца. Язык ППИ: казахский, турецкий, английский, русский. Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье. **Индекс №75637**.

Журнал с января 2013 года был зарегистрирован в Центре ISSN в городе Париже.

ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online).

Приказами Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан от 11 декабря 2018 года №1945 и от 14 декабря 2018 года №1992 журнал включен в перечень научных изданий в области Философии, Истории, Педагогике и Филологии, рекомендуемых Комитетом.

FOUNDER:

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

The Journal was registered by the Communication, Informatization and Information Committee Periodical press and information agency of the Republic of Kazakhstan on October 8, 1996, Ministry of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan issued a certificate № 232-G. Publication: 1 time in 3 months. Language PPP: Kazakh, Turkish, English, Russian. Territory of distribution: the Republic of Kazakhstan, near and far abroad. **Index №75637**.

The journal has been registered since January 2013 at the ISSN Center in Paris.

ISSN 2306-7365 (Print), ISSN 2664-0686 (Online).

Pursuant to the Order of the Committee for Control in Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated December 11, 2018 №1945 and December 14, 2018 №1992, the journal is included in the list of scientific publications in the field of Philosophy, History, Pedagogy and Philology, recommended by the Committee.

Бас редактордың орынбасары

педагогика ғылымдарының докторы, профессор Беркимбаев К.М.

Бас редактордың орынбасары

доцент, Ph.D. Пилтен Пусат

Жауапты хатшы

философия ғылымдарының кандидаты, доцент Балтабаева А.Ю.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Жұрынов Мұрат	- ҚР ҰҒА президенті, академик /Қазақстан/
Демиркөз Мелаяхат Білге	- профессор, доктор /Түркия/
Гржибовский Андрей	- м.ғ.д., профессор /Норвегия/
Капилла Хосе Э.	- профессор, доктор /Испания/
Корнилов Виктор	- п.ғ.д., профессор /Ресей/
Мырзақұлов Рэтбай	- ф.-м.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Мейер Бургхард	- профессор, доктор /Германия/
Турметов Батирхан	- ф.-м.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ташпынар Мехмет	- профессор, доктор /Түркия/
Сагироғлу Шереф	- профессор, доктор /Түркия/

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ақбасова Аманкүл	- техн.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ақйол Хаяти	- профессор, доктор /Түркия/
Атемова Қалипа	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Бұлбұл Ибрагим	- профессор, доктор /Түркия/
Булуч Бекир	- профессор, доктор /Түркия/
Батырбаев Нұрлан	- з.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Гелишли Юджел	- профессор, доктор /Түркия/
Ергөбек Құлбек	- ф.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Есімова Шолпан	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Жетібаев Көпжасар	- т.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Жетпісбаева Бахытгүл	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Йылдыз Мұса	- профессор, доктор /Түркия/
Мырзалиев Бораш	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Томар Женгиз	- профессор, доктор /Түркия/
Торыбаева Жәмила	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Умбетов Өмірбек	- техн.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ұзақбаева Сақыпжамал	- п.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ыдырыс Серікбай	- э.ғ.д., профессор /Қазақстан/

Yayın Yönetmen Yardımcısı
Prof. Dr. Berkimbayev K.M.
Yayın Yönetmen Yardımcısı
Doç. Dr. Pilten Pusat
Yayın Kurulunun Sorumlu Sekreteri
Doç. Dr. Baltabayeva A.Y.

DANIŞMA KURULU

Jurnov Murat	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Demirköz Melahat Bilge	- Prof. Dr. /Türkiye/
Grjibovskiy Andrey	- Prof. Dr. /Norveç/
Kapilla Jose E.	- Prof. Dr. /İspanya/
Kornilov Viktor	- Prof. Dr. /Rusya/
Myrzakulov Ratbay	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Meyer Burghard	- Prof. Dr. /Almanya/
Turmetov Batırhan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Taşpınar Mehmet	- Prof. Dr. /Türkiye/
Sağıroğlu Şeref	- Prof. Dr. /Türkiye/

EDİTÖR KURULU

Akbasova Amankül	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Akyol Hayati	- Prof. Dr. /Türkiye/
Atemova Kalipa	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Bülbül İbrahim	- Prof. Dr. /Türkiye/
Buluç Bekir	- Prof. Dr. /Türkiye/
Batirbayev Nurlan	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Gelişli Yücel	- Prof. Dr. /Türkiye/
Ergöbek Kulbek	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Esimova Şolpan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Jetibayev Köpjasar	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Jetpisbayeva Bahtıgül	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Yıldız Musa	- Prof. Dr. /Türkiye/
Myrzaliyev Boraş	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Tomar Cengiz	- Prof. Dr. /Türkiye/
Toribayeva Jamila	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Umbetov Ömirbek	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Uzakbayeva Sahıpjamal	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Idırıs Serikbay	- Prof. Dr. /Kazakistan/

Заместитель главного редактора
доктор педагогических наук, профессор Беркимбаев К.М.

Заместитель главного редактора
доцент, Ph.D. Пилтен Пусат

Ответственный секретарь
кандидат философских наук, доцент Балтабаева А.Ю.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Журинов Мурат	- президент НАН РК, академик /Казахстан/
Демиркоз Мелаяхат Билге	- профессор, доктор /Турция/
Гржибовский Андрей	- д.м.н., профессор /Норвегия/
Капилла Хосе Э.	- профессор, доктор /Испания/
Корнилов Виктор	- д.п.н., профессор /Россия/
Мирзакулов Ратбай	- д.ф.-м.н., профессор /Казахстан/
Мейер Бургхард	- профессор, доктор /Германия/
Турметов Батирхан	- д.ф.-м.н., профессор /Казахстан/
Ташпынар Мехмет	- профессор, доктор /Турция/
Сагироглу Шереф	- профессор, доктор /Турция/

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Акбасова Аманкул	- д.техн.н., профессор /Казахстан/
Акйол Хаяти	- профессор, доктор /Турция/
Атемова Калипа	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Булбул Ибрагим	- профессор, доктор /Турция/
Булуч Бекир	- профессор, доктор /Турция/
Батырбаев Нурлан	- к.ю.н., доцент /Казахстан/
Гелишли Юджел	- профессор, доктор /Турция/
Ергобек Кулбек	- д.ф.н., профессор /Казахстан/
Есимова Шолпан	- д.э.н., профессор /Казахстан/
Жетибаев Копжасар	- к.и.н., доцент /Казахстан/
Жетписбаева Бахытгул	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Йылдыз Муса	- профессор, доктор /Турция/
Мырзалиев Бораш	- д.э.н., профессор /Казахстан/
Томар Женгиз	- профессор, доктор /Турция/
Торыбаева Жамила	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Умбетов Умирбек	- д.техн.н., профессор /Казахстан/
Узакбаева Сахипжамал	- д.п.н., профессор /Казахстан/
Ыдырыс Серикбай	- д.э.н., профессор /Казахстан/

Deputy chief editor

Professor, Doctor of Pedagogical Sciences Berkimbayev K.M.

Deputy chief editor

Associate Professor, Ph.D. Pilten Pusat

Responsible secretary

Associate Professor, Ph.D. Baltabayeva A.Yu.

EDITORIAL BOARD

Zhurynov Murat	- President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, academician /Kazakhstan/
Demirkoz Melahat Bilge	- Professor, Doctor /Turkey/
Grijibovsky Andrey	- Doctor of Medical Sciences, Professor /Norway/
Kapilla Hose	- Professor, Doctor /Spain/
Kornilov Viktor	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Russia/
Myrzakulov Ratbay	- Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Meyer Burghard	- Professor, Doctor /Germany/
Turmetov Batyrhan	- Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Tashpinar Mehmet	- Professor, Doctor /Turkey/
Sagiroglu Sheref	- Professor, Doctor /Turkey/

EDITORIAL COUNCIL

Akbasova Amankul	- Doctor of Technical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Akyol Hayati	- Professor, Doctor /Turkey/
Atemova Kalypa	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Bulbul Ibrahim	- Professor, Doctor /Turkey/
Buluc Bekir	- Professor, Doctor /Turkey/
Batyrbayev Nurlan	- Candidate of Law, Associate Professor /Kazakhstan/
Gelisli Yucel	- Professor, Doctor /Turkey/
Yergobek Kulbek	- Doctor of Philology, Professor /Kazakhstan/
Essimova Sholpan	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/
Zhetibayev Kopzhasar	- Candidate of Historical Sciences, Associate Professor /Kazakhstan/
Zhetpisbayeva Bakhytgul	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Yildiz Musa	- Professor, Doctor /Turkey/
Myrzaliyev Borash	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/
Tomar Cengiz	- Professor, Doctor /Turkey/
Torybayeva Zhamilya	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Umbetov Omirbek	- Doctor of Technical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Uzakbayeva Sakhipzhamal	- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Ydyrys Serikbay	- Doctor of Economics, Professor /Kazakhstan/

М.Қ. ЕСКЕЕВА*

¹филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: mag61103@inbox.ru
<https://orcid.org/0000-0002-7647-817X>

КӨНЕ ТҮРКІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СЫН ЕСІМ ЖҰРНАҚТАРЫ

Мақала VI–IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдердегі сын есім жұрнақтарының сабақтастығын, құрылымдық-мағыналық сәйкестіктері мен ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Қыпшақ тобындағы қазақ, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, татар тілдеріндегі сын есім жұрнақтарының салыстырмалы сипаттамасы жасалып, қосымша морфемалардың даму ерекшеліктері айқындалады. Сын есім жасайтын қосымшалардың дамуы мен варианттарының қалыптасуы көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі қосымшалармен салыстырыла талданады.

Кілт сөздер: түркі тілдері, көне түркі жазба ескерткіштері, қыпшақ тобы тілдері, морфология, сын есім, сөзжасам, сын есім жұрнақтары.

М.К. Yeskeyeva

¹Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: mag61103@inbox.ru

Adjective Suffixes in Ancient Turkic and Modern Kipchak Languages

The purpose of this article is identification of continuity of the Turkic written monuments of the 4th-9th centuries and adjective suffixes in languages related to the modern Kypchak group, as well as structural and semantic relationships and features. Compiled comparative characteristics of adjectives in the Kypchak group in the Kazakh, Karakalpak, Kyrgyz, Bashkir, Tatar languages are compiled, and the features of the development of additional morphemes are determined. The formation of variants and the development of adjective applications are analyzed in comparison with applications in the language of ancient Turkic written monuments.

Keywords: Turkic languages, ancient Turkic written monuments, languages of the Kypchak group, morphology, adjectives, word formation, adjective suffixes.

М.К. Ескеева

¹доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилева (Казахстан, г. Нур-Султан), e-mail: mag61103@inbox.ru

Суффиксы прилагательных в древнетюркских и современных кипчакских языках

Целью статьи является выявление преемственности суффиксов прилагательных в тюркских письменных памятниках IV–IX веков в языках, относящихся к современной кипчакской группе, и также их структурно-смысловые соотношения и их особенности.

* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

- Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі сын есім жұрнақтары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3 (117). – Б. 100–109. <https://doi.org/10.47526.2020/2664-0686.010>

* **Cite us correctly:**

- Eskeeva M.Q. Kóne túrki jáne qazirgi qypshaq tilderindegi syn esim jurnaqtary // Iasaýı úniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №3 (117). – B. 100–109. <https://doi.org/10.47526.2020/2664-0686.010>

В статье составлены сравнительные характеристики прилагательных в кыпчакской группе языков, а именно в казахском, каракалпакском, киргизском, башкирском, татарском языках. Кроме того, определяются особенности развития дополнительных морфем. Формирование вариантов и развитие прилагательных приложений анализируется в сравнении с приложениями в языке древнетюркских письменных памятников.

Ключевые слова: тюркские языки, древнетюркские письменные памятники, языки кыпчакской группы, морфология, прилагательные, словообразование, суффиксы прилагательных.

Тіл адамзат мәдениетінің даму үдерісіндегі маңызды белгілерді өз мазмұнында сақтай отырып, тұлғалық-құрылымдық жағынан да дамып отырады. Коммуникативтік-ақпараттық қызметте тілдің грамматикалық құрылымы сөйлеуші немесе тыңдаушы үшін маңызды емес, алайда тілдің тарихи даму барысындағы құрылымдық-тұлғалық өзгерістері тілдің әлеуметтік қызметінің жетілуімен бірге жүретін құбылыс. Тілдік иерархияның ішкі салаларға саралануы, яғни тіл құрылымының салалық жүйеленуі, әр салаға қатысты метатілдің қалыптасуы – ұзақ мерзімді қамтитын ғылыми ізденістердің нәтижесі. Әлемдік тілдердің бірсыпырасы қабылдаған қазіргі еуропалық грамматика ғылымы мен оның терминологиясы көне грек, көне үнді философиясының негіздеріне сүйенеді. Жалпы тіл білімінің аясындағы грамматиканың академиялық сипат алып, метатеориялық деңгейде зерттелуі XIX–XX ғасырларға сәйкес келеді. Осы орайда қазақ тіл білімінің салалық жүйелері мен метатілдік аппаратының негізін XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ қалыптастырған А. Байтұрсынұлы сынды қазақтың біртуар азаматының есімін мақтанышпен атап өту орынды.

Қазіргі таңда тіл білімінің жеке саласы деңгейінде қарастырылып жүрген сөзжасам тіліміздегі сөздік қордың баюын, тілдің коммуникативтік қызметін қамтамасыз етудің негізі. Түркі тілдерінің агглютинативті сипатына сәйкес түркі тілдерінің сөзжасам үдерісіндегі морфологиялық тәсілі ең өнімді амалға жатады. Туыс тілдер құрылымындағы өзгерістер о бастағы ортақ тілдік жүйенің ыдырау процесінде дербес тілдік деңгейге ыңғайлана бастаған әрбір диалектінің өзіндік ерекше белгілерін сақтауға, өзіндік бағыт-бағдарын айқындауға негізделеді. Қазіргі түркі тілдерінің сөзжасам жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтауда негіз тіл ретінде VI–IX ғасыр көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі негізге алынады.

Есімдер жүйесіндегі сын есімдердің дербес сөз табы ретінде даралануы есім тұлғалардың анықтаушылық қызметке ие болуына, соның нәтижесінде сындық-сапалық мазмұнның тұрақталуына негізделеді. Сын есім – мазмұндық-семантикалық жағынан да, сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесімділігі тұрғысынан да өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Сын есімдердің маңызды белгілері: заттың түр-түсін білдіреді; заттың көлемдік-ауқымдық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді; заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді; заттың дәмі, ісі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді; затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді [1, 460-б.]. Морфологиялық табиғаты жағынан басқа есім сөздерге қарағанда сын есімдердің түрлену парадигмасы да шағын.

Түркі тілдеріндегі сын есімдер жүйесі мән-мағынасы жағынан, субстантивтенуге бейімділігі жағынан зат есімдермен сабақтастықта болса, қызметі жағынан есімшемен, кейде үстеумен ұштасып жатады. Кейбір сын есім түрлерінің есімшелермен немесе үстеулермен сабақтастығы сын-сапаны білдіретін лексемалық топтардың әрі сын есім, әрі зат есім, кейде есімше, кейде үстеу ретінде қалыптасуы тілдің интралингвистикалық даму үдерістеріне сай танымдық-логикалық негізде жүзеге асатын құбылыс. Түркі тілдері құрамындағы біріккен, қосарланған, күрделі сын есімдерге, сондай-ақ басқа есім сөздердің контексте қолданылу барысында трансформациялануы арқылы қалыптасқан сын есімдерге қарағанда жұрнақты сын есімдердің саны әлдеқайда ауқымды. Агглютинативті тіл табиғатына сәйкес сын есімдер де

құрылымына байланысты бірінші дәрежелі, екінші, үшінші дәрежелі болуы мүмкін. Бірінші дәрежелі сын есімдер негізінен синкретикалық моносиллабтардан тұрады. Екінші, үшінші дәрежелі түбір-негіздер мен туынды сын есімдердің сындық, сапалық мән-мағыналары, морфемалық жігі айқын болып келеді.

Жалпы түркі тілдеріндегі сын есімнің сапалық белгілері VII–IX ғасыр түркілері тілін сипаттайтын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі сын есімдерден де айқын көрінеді. Ескерткіштер тіліндегі сын есім категориясы жайлы Ғ. Айдаров: «Сын есімдер де өзінің даму, қалыптасу тарихы бар тарихи категория. Осыған сәйкес әрбір грамматикалық элементтер айқын сараланып жіктелуі қажет. Сонда ғана әрбір сөз табының тарихи сыры, бір-бірінен ажырау жігі белгілі болмақ» [2, 62–63-бб.], – деп ой түйе отырып, ескерткіштер тіліндегі сын есім жасайтын негізгі қосымшалар ретінде мынадай форманттарды көрсетеді: «-li, -li. зат есімдерге жалғанып сын есім тудырады: *буқалы* (бұқалы); -li, -li. затесімдерге де, сын есімдерге де жалғанады: *күчліг* (күшті), *атлыг* (атты), *йарықлыг* (жаракты), *төгүнлүг* (таңбалы); -siz, -siz жұрнақтарының беретін мағынасы -li, -li жұрнақтарының мәніне қарама-қарсы, затта белгілі сапанын жоқ екендігін көрсетеді: *йолсыз* (жолсыз), *қалысыз* (түгел, қалмай), *буңсыз* (мұңсыз, қайғысыз, оңай); -qi, -ki жұрнақтары жалғанған сөздер мезгілдік, мекендік ұғымдарды білдіретін сын есімдер тудырады: *йердеки* (жердегі), *қурйақы* (батыстағы), *йырайақы* (алыстағы, жырақтағы), *өңреки* (алдыңғы); -teg. Зат есімге жалғанып, салыстырма мәнді сын есімдер тудырады: *теңрітег* (тәңрідей); -ge. етістіктен сын есім тудырады: *білге* (білгіш, дана)» [2, 62–63-бб.]. Ғалым үстеу мәнді сөздерді де сын есімдер қатарында қарастырады, сондай-ақ субстантивтенген сын есім жұрнақтарын зат есім тудырушы жұрнақтар қатарында қарастырады.

Дербес тіл ретіндегі негіз тілден ыдырау үдерісі, қалыптасу тарихы ұқсас болып келетін қазіргі қыпшақ тобы тілдеріндегі сын есімдер көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі сын есімдерді сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерімен дамыған. Қазіргі қыпшақ тілдеріндегі сын есім ұғымы да түрлі терминдермен аталады: қазақ тілінде – *сын есім*, қарақалпақ тілінде – *келбетлик*, башқұрт тілінде – *сифат*, татар тілінде – *сыйфат*, қырғыз тілінде – *сын атооч*. Қыпшақ тобы тілдеріндегі сын есім жұрнақтары да көне түркі тіліндегі сын есім тудыратын жұрнақтарды негізінен сақтап, әр тілге тән ерекшеліктеріне сәйкес тұлғалық ерекшеліктерімен қалыптасқан (мысалы, 1-кесте).

1-кесте – Орхон ескерткіштері және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі сын есім жұрнақтарының салыстырмалы кестесі

VII–IX ғғ. түркілері тілі	Қазақ тілі Жұрнақтар	Қарақалпақ тілі Қосымталар	Башқұрт тілі Ялғаузар	Татар тілі Аффикслар	Қырғыз тілі Мүчөлөр
-g/-γ (-iγ/ -ig, -ijg/ -üγ/-uγ arïγ «таза» silig «сұлу» süčüg«тәтті» isig «ыстық»	-к/-қ, -ык/-ік, -ак/-ек үркек ат үзік жіп ашық есік бұзық бала	-к/-қ, -ык/-ік, -ак/-ек үркек ат кесик жип ашық есик жылауық бала	-к/-қ, -ык/-ек -ок/-өк -ак/-эк өркәк ат өзөк еп илак бала	-к/-ык /-ек ачык бозык ватык китек йөгерек	-к/-ык/-ек -ок/-өк -ак/-ек үркөк ат үзүк жип ыйлаак бала
-li/-li/-lü erikli «ерікті» küçli «күшті»	-лы/-лі, -ды/ -ді,-ты/-ті күшті жігіт тұзды қияр балықты көл	-лы/-ли сауатлы жигит тәртипте бала балықлы көл	-лы/-ле -ло/-лө көслө егет тозло қыяр балықлы күл	-лы/-ле акыллы белемле дымлы кайғылы	-луу/-лүү -дуу/-дүү -туу/-түү күчтүү туздуу
-siz/-siz ačsiz «ассыз» buñsiz «мұңсыз» idisiz «йесіз»	-сыз/-сіз тұзсыз сусыз көңілісіз терезесіз	-сыз/-сиз тузсыз мазасыз суусыз кеуилсиз	-һыз/-һез -һоз/-һөз тозһоз һыуһыз күңелһез	-сыз/-сез болытсыз тәмсез тешсез тәрәзәсез	-сыз/-сиз -суз/-сүз тузсуз суусуз көңүлсүз

1-кестенің жалғасы

-yu/-gü, -qi/ -ki başyu «басқы» edgü «жақсы»	-қы/-кі -ғы/-гі басқы қысқы күзгі үйдегі	-қы/-ки -ғы/-ги басқы баяғы түски хәзирги	-қы/-ке -кө, -гө -ғы/-ге -ғо/-гө кышкы көзгө	-ғы/-ге боронгы кышкы көзге өйдіге көндезге	-қы/-ки кышкы күзгү жазгы ички
-lïy/ -lig, -luγ/-lüg atlïq«атты» balïqlïy «қалалық»	-лық/-лік -дык/-дік -тык/-тік айлық ауылдық	-лық/-лик ауыллық жйделик	-лык/-лек -лок/-лөк айлық күлдөклек	-лык/-лек атналық еллық бишьеллық	-лык/-лик -лук/-лүк айлық күндөлүк ичкилик
-čil/*-čil atčil «атшыл, атты жақсы көретін»	-шыл/-шіл күншіл кекшіл ойшыл	-шыл/-шил киршил қайғышыл уйқышыл	-сыл/-сел -сөл көнсөл кунаксыл	-чыл/-чел, -сыл/-сел сакчыл ярдемчел сусыл	-чыл/-чил кекчил ойчул
-teg teṗriteg «тәңір текес, тәңірдей» böriteg «бөрідей» qonteg «қойдай»	-дай/-дей -тай/-тей алтындай айнадай таудай бармақтай темірдей	-дай/-дей -тай/-тей алтындай айнадай хинжидей усындай	-тай/-тәй -дай/-дәй -зай/-зәй -лай/-ләй алтындай таузай бармақтай тимерзәй	-тай/-тәй -дай/-дәй алтындай ефектәй	-тай/-тәй -дай/-дәй -дой/-дөй алтындай тоодой бармақтай темирдей
-il/-il jašil «жасыл» qizil «қызыл»	-ыл/-іл қызыл жасыл	-ыл/-ил қызыл жасыл	-ыл/-ел қызыл йәшел	-ыл/-ел қызыл яшел	-ыл/-ил қызыл жашыл
-n (-an/ -in/-in/ un/*-ün joγan «жуан» uzun «ұзын»	-ан/-ен -ын/-ін жуан ұзын	-ан/-ен -ын/-ин жууан узын	-ан/-эн -өн йыуан озон	-ан/-эн -ын/ин озын калын	-он/-ун -ын/-ин жоон узун
-ge/-ya, -qa/-ke bilge«білікті»qis ya«қысқа» juγqa «жұқа» jinčke «жіңішке»	-қа/-ке қысқа жіңішке жұқа	-қа/-ке қысқа жиңішке жуқа	ка/-кә қысқа нескә йока	-ка/-кә қысқа нечкә юка	-ка/-ке қысқа ичке жука
-šaq/-čaq/-ček jumčaq/jimšaq «жұмсақ»	-сақ/-сек -шак/-шек жұмсақ ұялшақ	-сақ/-сек -шак/-шек жумсақ уялшақ	-шак/-шек йомшак	-шак/-шек йомшак	-шак/-шек -чак/-чек жумшак уялчак
-r (*-ar/ *-er, -ir/ -ir) uγar «атақты» aγir «ауыр»	-р(-ыр/-ір) ауыр жауыр	-р(-ыр/ир) ауыр жауыр	-р(-ыр/-ир) Ауыр	-р(-ыр/ир) авыр	-р(-ор/-ур) оор жоор
-z (-iz/-iz, -uz/*-üz) semiz «семіз» uγuz «арзан»	-з (-ыз/-із) семіз→ *сем+із	-з(-из) семиз→ *сем+из	-з (-ез/-эз/-из) химез→ *хим+ез	-з(-ез/-из) симез→ *сим+ез	-з (-ыз/-из) семиз→ *сем+из

Көне түркі ескерткіштері тіліндегі сын есімдер мен қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімдердің табиғаты жайлы А. Есенқұлов: «Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі сын есім мен қазіргі түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі сын есім категориясының арасында мағыналық та, тұлғалық та айырмашылық жоқ. Тек аздаған ғана фонетикалық ерекшеліктері

кездеседі» [3, 133-б.], – деп көрсетеді. Ғалым пікірі сын есім тудыратын қосымша морфемаларға да қатысты. Қыпшақ тобы түркі тілдерінде көнетүркілік сын есім жұрнақтарының тұлғалық варианттарының ауқымы арта түскені болмаса, мағыналық-қызметтік функциясы өзгеріссіз қолданылады.

$\sqrt{-q/-k, -g/-\gamma, -iq/-ik-\ddot{i}\gamma/-ig/, -uq/-\ddot{u}k, -u\gamma/-\ddot{u}g}$ – түркі тілдеріндегі есім сөздер жасайтын өнімді жұрнақ. Қыпшақ тобы тілдерінде абстрактылы ұғымды, сондай-ақ субъектілік, объектілік мәндерді, іс-әрекет нәтижесін немесе қимылдық-әрекеттік үдерістерді білдіретін жалпытүркілік $\sqrt{-q/-k, -g/-\gamma, -iq/-ik-\ddot{i}\gamma/-ig/, -uq/-\ddot{u}k, -u\gamma/-\ddot{u}g}$ қосымшасының негізінен қатаң варианттары қолданылады: $\sqrt{-q/-k, -iq/-ik, -uq/-\ddot{u}k}$. Ескерткіштер тілінде: *turuq*→*tur+uq* «арық, арық-тұрық» Орх; Е; Т. *Semiz buqa turuq buqa tijin bilmez ermis tijin* Тон. 6 «Семіз бұқа, тұрық бұқа, – деп айыра білмес деп» Айд.ІІ, 105 ~ қазіргі қыпшақ тілдерінде қаз. (*арық*)-*тұрық*→**тұр+ық* «еті қашқан, майсыз, арық», ққалп. *арық*→*ары+қ*, баш. *арық*→*ары+к*, тат. *арық*→*ары+к*, қырғ. (*арық*)-*турық*→**тур+ық*. А.Н. Кононов $\sqrt{-q/-k}$ және $\sqrt{-g/-\gamma}$ форманттарының ара жігін ажыратып қарастыруды жөн санайды: «По всей вероятности, эти аффиксы генетически разного происхождения и исторически имели самостоятельные значения: γ/g служили для образования прилагательных, q/k – существительных. С помощью этих аффиксов от переходных глаголов образуются имена прилагательные пассивного значения, от непереходных глаголов – активного значения [4, 109–110-б.]. А. Есенқұловтың көзқарасы бойынша, $\sqrt{-q/-k, -g/-\gamma, -iq/-ik-\ddot{i}\gamma/-ig/, -uq/-\ddot{u}k, -u\gamma/-\ddot{u}g}$ Орхон, Енисей жазба ескерткіштері тілінде зат есімге де, сын есімге де жалғанып, туынды сын есім жасайды, көбіне егістікке жалғанып қатыстық-сындық қасиетке ие болады [3, 145-б.]. Н.К. Дмитриев түркі тілдерінде зат есімдер мен сын есімдер жасауда белсенді қолданылатын $\sqrt{-q/-k, -g/-\gamma, -iq/-ik-\ddot{i}\gamma/-ig/, -uq/-\ddot{u}k, -u\gamma/-\ddot{u}g}$ жұрнағының шығу тегін есім сөздер тудыратын $\sqrt{-qaq/-kek, -\gammaaq/-gek/-g\ddot{o}k}$ жұрнақтарынан таратады [5, 70-б.]. Түркі тілдерінің өзгеріске бейім жалғамалы табиғаты $\sqrt{-qaq/-kek, -\gammaaq/-gek/-g\ddot{o}k}$ қосымшаларының да архитұлға екеніне кепілдік бере алмайды. Ескерткіштер тілінде жалпытүркілік $\sqrt{-q/-k, -g/-\gamma, -iq/-ik-\ddot{i}\gamma/-ig/, -uq/-\ddot{u}k, -u\gamma/-\ddot{u}g}$ қосымшаларының негізінен ұяң варианттары қолданылады, қатаң нұсқалары өте сирек ұшырасады. XVI–XVII ғасырлардағы ескі қазақ жазба мұралары Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат-Тауарих», Әбілғазы Бахадүрдің «Түркі Шежіресі» шығармалары тілінде де сын есім тудырушы $\sqrt{-q/-k, -g/-\gamma, -iq/-ik-\ddot{i}\gamma/-ig/, -uq/-\ddot{u}k, -u\gamma/-\ddot{u}g}$ формантының ұяң варианттарымен қатар қатаң сыңарлары да кездеседі, *uliy*→*uliy+γ*: *Біздің ұлғұ атамыз Һалаку хан...*«Біздің үлкен атамыз (бабамыз) Һалаку хан... [6, 64-б.], *artuq(si)* →*art+uq(si)*: *артұқсы болды* «артық болды» [7, 172-б.]. Ескі қазақ жазба ескерткіштері тілін зерттеуші ғалымдар «Ескі қазақ жазба тілінің ғасырлар бойы қолданылып келген тілдік грамматикалық заңдылықтары, оның ішінде сөзжасам жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырамай, қазіргі уақытқа дейін сол күйінде жеткендігі аңғарылады» [8, 213-б.] деген ой айтады. Қазіргі қыпшақ тілдерінде аталған қосымшаның қатаң варианттарының қолданылуы көнетүркілікке дейінгі кезеңнің белгісі болуы да мүмкін.

$\sqrt{-li\gamma/-lig, -lu\gamma/-l\ddot{u}g, -liq/-lik, -luq}$ – зат есімге жалғанып сын есім жасайтын қосымша морфема. $\sqrt{-li\gamma/-lig, -lu\gamma/-l\ddot{u}g, -liq/-lik, -luq}$ форманты түбір сөздерге де, туынды сөздерге де жалғанатын өнімді жұрнақтар қатарына жатады. «*-liγ* қосымшасы көнеден келе жатқан ескі тарихи жұрнақ. Оның қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылу шеңбері мен беретін мағынасы, әр тараптағы ескерткіштерден біршама көлемділеу де, кеңдеу де» [3, 140-б.]. Ескерткіштер тілінде: *bašliγ*→*baš+liγ* «басты»: *Altun bašliγ ijilanmen* ЫБ.8 «Алтын басты жыланмын» Айд.ІІІ, 160 ~ қазіргі қыпшақ тілдерінде: қаз. *басты*→*бас+ты*, ққалп. *баслы*→*бас+лы*, башқ. *баишы*→*баиш+лы*, тат. *баишы*→*баиш+лы*, қырғ. *баишуу*→*баиш+туу*. Көне түркі ескерткіштері тіліндегі сын есім тудырушы $\sqrt{-li\gamma/-lig, -lu\gamma/-l\ddot{u}g, -liq/-lik, -luq}$ морфемасының семантикасы қазіргі қыпшақ тілдеріндегі $\sqrt{-li/-li/-di/-di, -ti/-ti}$ тұлғасының мәніне сәйкес келеді. А.Н. Кононов $\sqrt{-li/-li/-li}$ қосымшасымен $\sqrt{-li\gamma/-lig, -lu\gamma/-l\ddot{u}g}$ қосымшалары арасында

генетикалық сабақтастықтың жоқтығын көрсете отырып, ескерткіштер тіліндегі $\sqrt{-li/-li}$ формантының қолданысын бірыңғай мүшелер арасындағы жалғаулықтармен байланыстырады: «в ТРП (түркі руникалық ескерткіштері) используется для обозначения сочинительных отношений между однородными членами предложения, т.е. выступает в функции соединительного союза: *inili eçili* «и младшие и старшие родственники»; *begli budunly* «и беки, и народ» [4, 107-б.]. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің деректері $\sqrt{-li/-li/-lig, -lu/-lüg, -liq/-lik, -luq}$ және $-li/-li/-di/-di, -ti/-ti$ форманттарының арасындағы генетикалық сабақтастықты үзілді-кесілді жоққа шығаруға болмайтынын көрсетеді. $\sqrt{-li/-li/-lü}$ – сын есім тудыратын жалпытүркілік өнімді жұрнақ, қыпшақ тобы тілдерінде тұлғалық варианттары біршама кеңіген. Ескерткіштер тілінде: *erikli*→*erik+li* «ерікті»: *Kültegin jiti otuz jaşıña qarluq budun erür barur eirkili jayı boltı*. КТү. 41 «Күлтегін жиырма жеті жасында қарлуқ халқы жүре бара нағыз жау болды» ~ қазіргі қыпшақ тілдерінде: қаз. *erikmi* →*erik+mi*, ққалп. *еркли* →*ерк+ли*, қырғ. эрктүү →*эрк+түү*, башқ. *ирекле* →*ирек+ле*, тат. *ирекле* →*ирек+ле*.

$\sqrt{-qu/-kü, -yu/-gü}$ – негізінен есім сөздер мен үстеулер жасайтын қосымша морфема. Қазіргі қыпшақ тілдерінде көнетүркілік $\sqrt{-qu/-kü, -yu/-gü}$ қосымшасының тұлғалық варианттарының ауқымы кең: $\sqrt{-yi/-gi, -qi/-ki, -qe/-ke, -qo/-kö, -yo/-go, -yö/-gö}$ т.б. Ескерткіштер тілінде: *başyu*→*baş+yu* «басқы»: *Kültegin başyu boz at binip tegdi* КТү.37 «Күлтегін басқы боз атын мініп тиді» Айд.І,179~ қазіргі қыпшақ тілдерінде: қаз. *басқы*→*бас+қы*, ққалп. *басқы*→*бас+қы*, башқ. *башкы*→*баш+кы*, тат. *башкы*→*баш+кы*, қырғ. *башкы*→*баш+кы*. Түркі тілдеріндегі есім сөздер жасайтын $\sqrt{-qu/-kü, -yu/-gü}$ аффиксі негізінен зат есімге тән әрі көне қосымша ретінде қарастырылады. «Бұл жұрнақтар жалғанған сөздердің мағыналары бірде анық та, қайсыбіреулерінде ажыратуға келмейді. Мысалы: *buryi, sürgi, šalyi, belgi, qajyi, sülgі, pängi, mängi*. Ертеректе бұл жұрнақтар өнімді жұрнақ болып көптеген жаңа сөздер жасауға актив түрде қатысқанын байқаймыз» [3, 149–150-бб.]. Ескерткіштер тілінде $\sqrt{-qu/-kü, -yu/-gü}$ форманттарымен ұқсас $\sqrt{-iqi/-iki}$ қосымшалары да қолданылады. $\sqrt{-iqi/-iki}$ – сын есім тудыратын құранды жұрнақ. Функционалдық мәні қыпшақ тілдеріндегі есімдік категориясының қосымшасы $\sqrt{-yan/-gen, -qan/-ken}$ формантына сәйкес келеді. Ескерткіштер тілінде: *biriki*→*bir+(ik+i)* «біріккен, бірлескен, ынтымақты»: *Ulaju ini-jigünim, oylanım, biriki oyuşım, budunım, birije – šad apit begler, jiraja – tarqat bujruq begler, otuz...* КТк.1 «Соңымдағы іні-жиенім, ұлым, жақын (біріккен) руым, халқым, оңымда – шад апат бектер, солымда – тарқандар бұйрық бектер, отыз...» Аманж.57~ қаз. *біріккен, бірлескен*.

$\sqrt{-siz/-siz, -suz/-süz, -hiz/-hez, -hoz/-hö}$ – болымсыз мәнді қатыстық сын есімдер тудыратын өнімді жұрнақ. Түркі тілдері бойынша $\sqrt{-siz/-siz, -suz/-süz}$ қосымшасы $\sqrt{-li/-li/-lü}$ жұрнағының антонимдік сынары. Көнетүркілік және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі бұл қосымша бұлғар тобы тілдерінде ротацизм құбылысын сипаттайды, мысалы: чуваш тіліндегі болымсыз мәнді $\sqrt{-sär/-ser}$ форманты $\sqrt{-siz/-siz, -suz/-süz}$ қосымшасының фонетикалық варианттарын құрайды: «Чувашский аффикс *-sär/-ser* имеет привативное значение. Генетически он тождествен тюркскому аффиксу *-siz/-siz*, который отмечен в древнетюркском и в большинстве современных тюркских языков, кроме тюркских языков Сибири: якутского, хакасского, алтайского, тувинского, где словообразовательным формам *-siz* соответствует конструкция с отрицанием *çox, sijox* и т.д.» [9, 128-б.]. Түркі тілдеріндегі болымсыздық ұғымды білдіріп, есім сөз тудыратын $\sqrt{-siz/-siz, -suz/-süz, -hiz/-hiz, -sär/-ser}$ қосымшалары мағыналық жағынан етістік жасайтын $\sqrt{-sira, -sira, -sirä}$ жұрнақтарымен байланысы аңғарылады. Орхон, Енисей ескерткіштерінде $\sqrt{-siz/-siz}$ форманты негізінен, сын есімнің жұрнағы болғанымен үстеулер мен есімдіктерге де жалғана береді. Ескерткіштер тілінде: *subsuz*→*sub+suz* «сусыз»: *Kijik oylı men otsuz subsuz qaltı uijın neçük ijorijın, - tir* ББ.45 «Киік баласымын, отсыз, сусыз қалай күн көрем, қалай жүрем,-дер» Айд.ІІІ,165 ~ қазіргі қыпшақ тілдерінде: қаз. *сусыз*→*су+сыз*, ққалп. *суўсыз* →*суў+сыз*, башқ. *һыуһыз*→*һыу+һыз* тат.

сусыз→су+сыз, қырғ. суусуз→суу+суз. Қазіргі түркі тілдерінде √ -siz/-siz морфемасы грамматикалық мағына арқалап сөз түрлендірушілік қызметті де атқарады.

√-n/-an/-en,-un – есім сөздер тудыратын жұрнақ. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде √ -n/-an/-en,-un форманттары арқылы жасалған сын есімдер осы тұлға арқылы жасалған зат есімдерге қарағанда сирек кездеседі.

Ескерткіштер тілінде: *joγan*→**joγ+an* «жуан» *Jinčge joγan bolsar üzgülik alp ermis*. Тон,14 «Жіңішке жуандаса, үзетін алып болар» Айд.ІІ,10 ~ қазіргі қыпшақ тілдерінде: қаз. *жуан*→**жу+ан*, ққалп. *жууан* →**жуу+ан*, башқ. *йуан*→**йу+ан*, қырғ. *жоон*→**жо+он*. Б.Юнусалиев √-n морфемасы арқылы жасалған есім сөздер қатарына қырғыз тіліндегі *kelin* «келін», *soon* «сауын», *san* «сан», *žalın* «жалын», *kujın* «құйын», *žakın* «жақын», *žoon* «жуан» лексемаларын жатқызса [10, 122-б.], М.Томанов қазақ тіліндегі √-n тұлғалы есім сөздер тобына *žawın*, *bütün*, *žijın*, *qijın*, *uzın*, *tütün* сөздерін мысалға келтіреді [11, 158-б.]. Жалпытүркілік √-n,-an,-en,-un,-in,-in форманты түркі тілдері дамуының бастапқы кезеңінде қолданыста болған көне жұрнақтар қатарына жатады, бұл қосымшалар арқылы жасалған сын есімдердің басым бөлігі морфемалық жігі көмескіленген тарихи негіздерден тұрады.

√ -ye/-ge,-ga,-qa/-ke форманты көне түркі мұралары тілінде сирек қолданылатын қосымша морфема. Ескерткіштер тілінде: *qisya*→**qis+ya* «қысқа, тез» *Jayıqa jalınus oplaju tegir opulu kirir özi qisya kergek boltı* КЧ. 23 «Жалғыз өзі шабуылға шықты, өлімші болды, өзі қысқа уақытта (тез) өлді» Айд.ІІІ,128 ~ қазіргі қыпшақ тобы тілдерінде: қаз. *қысқа*→**қыс+қа*, ққалп. *қысқа*→**қыс+қа*, башқ. *қысқа*→**қыс+қа*, тат. *кысқа*→**кыс+қа*, қырғ. *кысқа*→**кыс+қа*. Қазіргі қыпшақ тобы тілдерінде де аса белсенді қолданылмайды.

√ -čaq/-ček,-šaq сирек қолданылатын сын есім тудыратын жұрнақ. Көне түркі тіліндегі √-čaq/-ček,-šaq қосымшасының мәні мен қызметі қазіргі қыпшақ тілдерінде де сирек қолданылатын √-saq/-šaq формантының қызметіне сәйкес келеді. Ескерткіштер тілінде: *jumčaq/jimšaq* →**jum*/jim+čaq/šaq* «жұмсақ»: *Altun, kümüş, isigti qutaj buñsiz anča birür tabyač budun sabı süčig ayisi jimšaq ermis* КТк. 5 «Алтын, күміс, өнімді, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғач халқы сөзі тәтті, қазынасы асыл еді» Айд. I, 169. Күлтегін ескерткіші мәтініндегі *jumčaq* лексемасын А. Аманжолов *jimšaq* түрінде оқиды: *jimšaq*→**jim+šaq* Аманж.І, 57~ қазіргі қыпшақ тобы тілдерінде: қаз. жұмсақ→*жұм+сақ «мамық ұлпа, үлпілдек, қатты емес», ққалп. жұмсақ→*жұм+сақ, башқ. *йомшак*→**йом+шак*, тат. *йомшак*→**йом+шак*, қырғ. *жумшак*→**жум+шак*.

√-sıq/-sıy,- šıy/-šig – түбір сөздерге де, негіздерге де жалғанып қатыстық сын есімдер және зат есімдер жасайды. Ескерткіштер тілінде: *qamašıy*→*qama+šıy* «бүлікшіл»: *Ečim qaγan ili qamašıy boltuqında, budun iligi kegi boltuqında izgil budun birle süñüşdimiz* КТү.43 «Ағам қаған еді әлсіз, қарсы ел кекті болғанда ізгіл халқымен соғыстық» Айд.ІІІ, 68. Қазіргі түркі тілдерінде көнетүркілік √-sıq/-sıy,-šıy/-šig формантының фонетикалық варианттарының аясы кең. Белгілі түркітанушы Э.В. Севортян оғыз және қыпшақ тілдеріндегі есім сөздер жасайтын √ -sıq/-sıy,-šıy/-šig және √ -čaq/-ček,-šaq/-šaq,-saγ/-saq қосымшалары өзара тығыз байланыста екенін әрі олардың мағыналары араласып қолданылатынын көрсетеді [12, 222–б.]. Ғалымның пікірінше, √ -sıq/-sıy,-šıy/-šig, √ -čaq/-ček,-šaq/-šaq,-saγ/-saq форманттары етістіктің √-sa,-sı жұрнағы мен есім сөздер жасайтын √-q/-γ қосымшасының бірігуінен жасалған құранды жұрнақ.

√-čil – есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақ. Көне түркі мұраларында өте сирек қолданылады. Ескерткіштер тілінде: *atčil*→*at+čil* «Атшыл, атты жақсы көретін»: *Ič jer ilki artzun atčil anı tutuq joq* E.48 «Ішкі жерде еліктер артты (көбейді), оны аулайтын атшылар жоқ». Қазіргі қыпшақ тобы тілдерінде сын есім тудыратын √-šil/-šil,-čil/-čil,- čel,-sıl/-sel/-söl қосымшалары кеңінен қолданылады: қаз. *ойшыл*→*ой+шыл*, *күншіл* →*күн+шіл*, ққалп. *уйқышыл* → *уйқы+шыл*, *киршил* → *кир+шил*, башқ. *кунақсыл* → *кунақ+сыл*, *көнсөл* →

көн+сөл, тат. сакчыл→сак+чыл, ярдемчел→ярдем+чел, сусыл→су+сыл, қырғ. кекчил → кек+чил, ойчул → ойчул. Қосымшаның семантикалық мағынасы заттың басқа затқа қатысты сапалық қасиетін айқындайды.

√-nĉ – есім сөздер тудыратын құранды жұрнақ ретінде қарастырылады. Мағынасы да, тұлғасы да √-nĉ қосымшасының етістік категориясына тән √-n және есім сөздер жасайтын √-ĉ, -iĉ, -iĉ қосымшаларынан жасалғанын аңғартады. Сондықтан көне түркі тіліндегі √-nĉ қосымшасынан есім сөздер тудыратын жұрнақ ретінде √-ĉ, -iĉ, -iĉ формантын ажыратып қарастыруға толық негіз бар. Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі етістіктерге жалғанатын сөзжасам жұрнақтары сөз түрлендіруші грамматикалық категориялардан айқын ажырамайтын тұстары да кездеседі. Бұл жөнінде А.Н. Кононов былай дейді: «Некоторые отглагольные прилагательные генетически связаны с причастиями, утратившими основные признаки глагольных форм и лишены возможности обозначать время совершения действия» [4, 109-б.]. Ескерткіштер тілінде: *bulyanĉ*→**bul(γa)+nĉ* «былғаныш»: *Türk budun jeme bulyanĉ oltimis* Тон.22 «Түрк халқы тағы былғаныш болуда» ~ қазіргі қыпшақ тобы тілдерінде: қаз. *былғаныш*→*былға(н)+ыш*.

√-a,-e көне түркі тіліндегі сирек қолданылатын сын есім тудырушы жұрнақтардың бірі. Есім сөздерге жалғанып сындық мән береді. Ескерткіштер тілінде: *buġa*→*buġ+a* «мұңлы»: *Buġa ĉiksin beŋgüm ermiş* Е.13 «Мен қайғылы ĉиксін, менің мәңгілік ескерткішім». Сын есім жасайтын √-a,-e қосымшасы қазіргі қыпшақ тобы тілдерінде де өте сирек ұшырасады. Мысалы, қаз. *бұла күш* «ерекше буырқанған күш» тіркесі кездеседі: *бұла*→**бұл+a*. Өлі жұрнақтар қатарындағы √-a,-e форманты жалпыалтайлық тарихи жұрнақ: қаз. *құла*→**құл+a* «жылқының түсі», қырғ. *кула*→**кул+a*, ққалп. *қула*→**қул+a*.

√-r(-ir,-ir) – есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақ. Көне түркі ескерткіштері тілінде өте сирек қолданылатын √-r форманты Енисей жазбалары тіліндегі *uġar* лексемасының құрамында ғана кездеседі: *uġar*→*uġa+r* «атақты, текті, белгілі»: *Uġar qadimim iĉün iktim* Е. 17 «Текті ханымымның (әкемнің анасының) арқасында мен байыдым; *Uġar* сөзінің мағынасы жайлы А. Есенқұлов: «*уġa* «тұқым, ұя» түбіріне -r жұрнағы жалғанып, сапалық қасиетті білдіреді. Енисей жазбаларындағы *uġar* сөзінің беретін ұғымы «атақты, белгілі» деген мағынадан тереңірек жатқан сияқты. *Уġa* – тұқымынан атақты, асыл текті, қарамен араласы жоқ, жеті атасынан хан тұқымы деген мағынаны беретін туынды сөз» [3, 163-б.],-деп тұжырымдайды. Қыпшақ тобындағы қазақ тілінде де сын есім тудыратын √-r,-ir,-ir форманты біршама тарихи негіздердің құрамында қолданылады: *žumir*→**žum+ir*, *qijir*→**qij+ir*, *qisir*→**qis+ir*, *obir*→**ob+ir*, *šimir*→**šim+ir* т.б. Ескерткіштер тілінде: *ayir*→*ay+ir* «ауыр» ~ қаз. *ауыр*→**ay+ыр*, ққалп. *ауыр*→**ау+ыр*, башқ. *ауыр*→**ay+ыр*, тат. *авыр*→**ав+ыр*, қырғ. *оор*→**оо+r*.

√-ĉi форманты сын есім тудыратын өнімсіз жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *abincĉi*→*abin+ĉi* «қуанышты»: *Qamiš ara qalmiš teŋri unamaduq abincĉi qatun bolzun, - tir* ЫБ.38 «Өгіз қамыс арасына келді, тәңірдің кімге хайыр болмаса қуанышты қатын болсын, - дер. Айд.ІІІ, 164. Көнетүркілік √-ĉi қосымшасы қазіргі қыпшақ тобы тілдеріндегі -li/-li/-di/-di,-ti/-ti қосымшасының мәніне сәйкес келеді.

Күрделі тарихи даму жолынан өткен қазіргі қыпшақ тобы тілдерінде VI–IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде өте сирек ұшырасатын немесе қолданылмайтын сын есім жұрнақтары да кездеседі (мысалы, 2-кесте).

Ескерткіштер тіліндегі сын есімдердің сөзжасам жүйесінде аффиксация амалының өнімділігі аса жоғары. Көне түркі жазба мұралары тіліндегі сын есім тудыратын жұрнақтар қазіргі қыпшақ тобы тілдерінде толық сақталған. Орхон, Енисей, Талас мұралары және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі сын есім жасайтын форманттардың жалпы сипаты олардың есім сөзжасам жүйесімен де етістіктің қосымшаларымен де сабақтастықта дамығанын көрсетеді.

2-кесте – қазіргі қыпшақ тобы тілдерінде VI–IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде өте сирек ұшырасатын немесе қолданылмайтын сын есім жұрнақтарының салыстырмалы кестесі

Қазақ тілі Жұрнақтар	Қарақалпақ тілі Қосымталар	Башқұрт тілі Ялғаузар	Татар тілі Аффикслар	Қырғыз тілі Мүчөлөр
-ғыр/-гір, -қыр/-кір тапқыр бала өткір пышақ үшкір тас	-ғыр/-гир, -қыр/-кир алғыр оқушы өткір пышақ кескір тас	-ғыр/-гер -қыр/-кер -ғор/-гөр -қор/-көр тапқыр бала үткер бысақ отқор малай һизгер әсә	-кыр/-кәр/ тапқыр бала/малай үткәр	-ғыр/-күр өткүр киши
-ғыш/-гіш -қыш/-кіш -геш айтқыш адам білгіш бала көргіш кісі күлегеш қыз	-ғыш/-гиш -қыш/-киш -геш сезгиш адам билгиш бала алғыш шапқыш ат	-ғыс/-гес,-ғос/-гөс, -кыс/-кес, -кыс/-кес -қос/-көс башланғыс мәктәп ялқытқыс көй	-гыч/-геч, -кеч/-кыч искиткеч аскыч баскыч	-гыч/-гич башталгыч `бастауыш мектеп` илгич сезгич
-шаң/-шең сөзшең адам байшаң қыз	-шаң/-шең талапшаң инсан исшең адам	-сан/-сән эшсән егет талапсан уқытыусы	-чан/-чән сүзчән эшчән уйчан	-
-ма/-ме -ба/-бе -па/-пе қайырма жаға қызба жігіт аспа шам	-ма/-ме -ба/-бе -па/-пе ойма жазба жарма жасалма	-ма/-мә ақша шәм тағылма арба	-ма/-мә асма басма бөгелмә	-ма/-ме асма кесме
-м/-ым/-ем айырым жол көркем қыз	-	-м/-ым айырым өй сызам кеше	-м/-эм Күркәм	-м/-ым, -ум/- үм,-өм көркөм

Қазіргі қазақ, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, татар тілдерінің кейбірі о бастан қыпшақтық негізде қалыптасса, енді бірінің қыпшақтық сипаты кейін басымдыққа ие болған тілдер. VI–IX ғасыр түркі мұралары тілі мен қазіргі қыпшақ тобы тілдеріндегі сын есім жұрнақтарының толық сәйкес келуі, қазіргі тілдерде сөзжасамдық форманттардың фонетикалық нұсқаларының артуы қыпшақ тобы тілдерінің қалыптасуы күрделі лингвоэтнокалық, лингвоэволюциялық даму жолынан өткенін көрсетіп қана қоймайды, түркілік тектілден бастау алатын тарихи тамырының тереңдігін де айғақтайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. –783 б.
2. Айдаров Ғ. Тоникүк ескерткішінің тілі (VIII ғасыр). – Алматы: Қазақстан, 2000. –120 б.
3. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 240 б.
4. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII–IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. –256 с.
5. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1948. – 275 с.
6. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның Түркі Шежіресі. – Алматы: Арыс, 2001. – 243 б.
7. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 246 б.

8. Өмірбаев Е., Үсенбаева Ш. Ескі қазақ жазба ескерткіштері лексикасында көне түркілік қабат // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №1 (111). – Б. 212–218.
9. Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М.: Наука, 1976. – 207 с.
10. Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. – Ч.1. – Фрунзе: Киргиз уч.пед.из, 1959. – 320 с.
11. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 614 б.
12. Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М.: Наука, 1966. – 436 с.

REFERENCES

1. Qazaq grammatikasy. – Astana: Astana poligrafia, 2002. – 783 b.
2. Aıdarov Ğ. Tonıkýq eskertkishiniń tili (VIII ǵasyr). – Almaty: Qazaqstan, 2000. – 120 b.
3. Esenqulov A. Kóne túrki jazba eskertkishterindegi qosymshalar. – Almaty: Ğylym, 1976. – 240 b.
4. Kononov A.N. Grammatika iazyka túrkskih rýnicheskih pamiatnikov (VII–IX vv.). – Lenıngrad: Naýka, 1980. – 256 s.
5. Dmitriev N.K. Grammatika bashkırskogo iazyka. – M.-L.: Izdatelstvo AN SSSR, 1948. – 275 s.
6. Ábilqasymov B. Ábilǵazy hannıń Túrki Shejiresi. – Almaty: Arys, 2001. – 243 b.
7. Qadyrǵalı Jalayır. Shejireler jınaǵy. – Almaty: Qazaqstan, 1997. – 246 b.
8. Ómirbaev E., Úsenbaeva Sh. Eski qazaq jazba eskertkishteri leksikasynda kóne túrkiilik qabat // Iasaýi úniversitetiniń habarshysy. – 2019. – №1 (111). – B. 212–218.
9. Levitskaia L.S. Istoricheskaia morfologıa chývashskogo iazyka. – M.: Naýka, 1976. – 207 s.
10. Iúnysaliev B.M. Kirgızskaa leksikologıa. – Ch.1. – Frúnze: Kirgız ých.ped.ız, 1959. – 320 s.
11. Tomanov M. Til tarihy túraly zertteýler. – Almaty: Ğylym, 2002. – 614 b.
12. Sevortian E.V. Affiksiy imennogo slovoobrazovaniya v azerbaidjanskom iazyke. – M.: Naýka, 1966. – 436 s.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

Ескерткіштер

БҚ	Білге қаған
Е.	Енисей жазбалары
КТү.	Күлтегін, үлкен жазба
КТк.	Күлтегін, кіші жазба
Орх.	Орхон жазбалары
Т.	Талас жазбалары
Тон.	Тоникүк ескерткіші
ЫБ	Ырық бітік жазбасы

Дереккөздер

Айд.І	<i>Айдаров F.</i> Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
Айд.ІІ	<i>Айдаров F.</i> Тоникүк ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
Айд.ІІІ	<i>Айдаров F.</i> Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.
Аманж.	<i>Аманжолов А.</i> Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 127 б.

Тілдер

башқ.	башқұрт тілі
қаз.	қазақ тілі
ққалп.	қарақалпақ тілі
қырғ.	қырғыз тілі
тат.	татар тілі

**ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
YESEVI ÜNİVERSİTESİ HABARŞISI**

Редакцияның мекен-жайы
*161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29В, Бас ғимарат, 404-бөлме*
☎(8-725-33) 6-38-26
E-mail: khabarshi.iktu@ayu.edu.kz

Ғылыми редакторлар: ф.ғ.к., профессор Сердәлі Бекжігіт,
ф.ғ.к., доцент Мансұров Нұрлан,
ф.ғ.к. Семіз Кенан
Аға редактор: Әбілдаева Гүлжан
Редактор: Садыкова Айгүл

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
«Ясауи университетінің хабаршысына» жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

*Журнал Қожса Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
«Тұран» баспаханасында көбейтілді.*
Басуға 30.09.2020 ж. қол қойылды. Пішімі 60X84/8. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы 22.5. Таралымы 200 дана. Тапсырыс 723. ©

Баспахана мекен-жайы:
*161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29В, 2-ші ғимарат*
☎(8-725-33) 6-37-21 (1080), (1083)
E-mail: turanbaspasi@ayu.edu.kz